Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөліміне
«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігінен
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Мәңгілік Ел 32/8
ЖСН: 170240012608
shapai20157@mail.ru
ұялы тел. 87011808022

Шағым

Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссияның шешіміне наразылық білдіре, Конкурстың №16238860-1, атауы «Отбасы институтын нығайту және гендерлік мәдениетті қалыптастыру» қорытындылары туралы хаттаманы қайта қарауды ұсынады және ұсынған өтінім бойынша Конкурстық комиссия «Ақ Сұңқар» ЖҚБ-ны жеңімпаз деп тануымен келіспейді және құқық бұзушылыққа жол берілгенін хабарлайды.

Негіздеме:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 (*ары қарай – Қағида*) 411-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдеріне балл береді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау өлшемшарттары көзделген. Тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу **конкурстық құжаттаманың 21-қосымшасына** сәйкес есептеледі - делінген.

Осы тұста Мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасы бойынша "Ақ Сұңқар" ЖҚБ, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін зерделей келе анықталды:

4-критерий. **Қағидалардың 21-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін ұпайлар қойылады.**

"Ақ Сұңқар" ЖҚБ, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде жұмыс тәжірибесі *(2016, 2017, 2018, 2021, 2024, 2025 жылдар кезеңін көрсеткен)*, бұл жалпы, сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің барлығы 6 жыл, ал ұқсас (аналогичные) жобаларды іске асыру саласында Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызмет нарығындағы екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі - 1 жыл.

Атап айтсақ:

- 2016 жыл. “Еріктілер мектебінің жұмысын үйлестіру және жүргізу”
- 2016 жыл “Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау бойынша қоғамдық, мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырып өткізу"
- 2017 жыл. “Діни экстремизмнің және терроризмнің алдын алу мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу”
- 2017жыл. “Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру”
- 2018 жыл. “Жуалы ауданының 90 жылдығына Республикалық қазақша КВН фестивалін ұйымдастыру”
- 2020 жыл. Birgemiz: Qamqor жалпыұлттық жобасы аясында іс-шаралар кешенін орындау (Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы “КЕАҚ” (кіші грант), ұйыммен жүзеге асырылған және іске асырылу барысындағы ұқсас әлеуметтік жобалар мен (немесе) әлеметтік бағдарламаларды көрсету *(ұйым мамандарының жеке өзімен орындалған немесе*

басқа ұйымдар арқылы жүзеге асырылған қызметтер мен жобалар ұйымның сәйкес тәжірибесі болып саналмайды).
- 2020 жыл Birgemiz: Umit жалпыұлттық жобасы аясында іс-шаралар кешенін орындау(Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы "КЕАҚ" (кіші грант), ұйыммен жүзеге асырылған және іске асырылу барысындағы ұқсас әлеуметтік жобалар мен (немесе) әлеметтік бағдарламаларды көрсету *(ұйым мамандарының жеке өзімен орындалған немесе басқа ұйымдар арқылы жүзеге асырылған қызметтер мен жобалар ұйымның сәйкес тәжірибесі болып саналмайды*).

- 2021 жыл. ҮЕҰ-ға қызмет көрсету мақсатында «Азаматтық орталық» құру

- 2024 жыл. Креативті индустрияны дамытуға бағытталған шараларды ұйымдастыру және өткізу

-2024 жыл. Отбасы институтын нығайту, гендерлік мәдениетті қалыптастыру және зорлық-зомбылықтың алдын алу іс-шаралар кешенін өткізу

-2024жыл. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер (Пробация)

- 2025 жыл. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қызметтері («Аудан ардагерлер ұйымдарын қолдау орталығының жұмысын ұйымдастыру»)

- 2025 жыл. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер(Тілдерді дамыту)

- 2025 жыл Қордай ауданында «Этносаралық және қоғамдық келісімді нығайтуға түсіндірме жұмыстарын жүргізу» әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі іс шаралар

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 21-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін 7 ұпай мөлшерінде заңсыз қолданды.

Осы тармақ бойынша әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын затқа сәйкес ұқсас (аналогичные) қызметтерді көрсету нарығындағы тәжірибесі бойынша 7 ұпайдың орнына 5 ұпай қою ұсынылады.

5-критерий. **Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген).**

Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі немесе біліктігігі жоқ, олар сәйкесінше құжаттармен расталмаған» деген тармағына сай келетін болғандықтан "Ақ Сұңқар" ЖҚБ-ы, өтінімінің «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 21-қосымшасының осы критерийі бойынша конкурстық комиссия

4 балл заңсыз қолданды.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілімен мемлекеттік *сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 21-қосымшасының 5-тармағында* көрсетілген критерийлері бойынша:

** Білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар
мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар болып танылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың мамандардың еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.

Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы **дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан** өткені туралы **сертификаттар** болып танылады.

Конкурстық өтінім ұсынылатын әлеуметтік жобаның *қызмет түрлеріне сәйкес практикалық тәжірибесі мен біліктілігі жоқ болғандықтан* 0 баллға лайық.

Атап айтсақ:

1) Жылысбаев Ернар Нұрболұлы - тек диплом, жеке куәлік жоқ, жобаның қызмет түрлері бойынша біліктілігі жоқ сертификат ұсынылмаған;

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 5-тармағына сәйкес, әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін 4 ұпайдың орнына 0 ұпай қою ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, конкурстың қорытындыларын шығару кезінде анықталған бұзушылықтарды ескере отырып, жоғарыдағы лот бойынша конкурстық өтінімдерді және конкурс нәтижелерін қайта қарауды, Заңның Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұпайларды белгілеуді және сотқа дейін реттеуді сұраймыз.

«Елу жылда- Ел жаңа» қоғамдық
бірлестігінің басшысы: Ш.Сүйімқұл

ЭЦҚ арқылы қол қойылды
25.02.2026ж.